

**"Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснаманы бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № 1 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 3 желтоқсанда № 21718 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6334 болып тіркелген, 2010 жылғы 11 тамыздағы № 326-327 (26170) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснамансы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігі Ұлттық статистика бюросының Тіркелімдер және жіктелімдер статистикасы басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігі Ұлттық статистика бюросының Тіркелімдер және жіктелімдер статистикасы басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігі Ұлттық статистика бюросының құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі

Басшысының
2020 жылғы 2 желтоқсаны
№ 1 қосымша
Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі
төрағасының
2010 жылғы 10 маусымдағы
№ 136 бұйрығымен
бекітілген

Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснама

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснама "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына және 16-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасындағы әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүзеге асыру әдісін (бұдан әрі – Әдіснама) айқындайды.

2. Статистикалық әдіснаманың негізгі міндеті ұй шаруашылықтары және шаруа немесе фермер қожалықтары (бұдан әрі – ШФҚ) бойынша тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтер әкімдерінің әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын және оларды мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға ұсынуын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Осы Әдіснамада Қазақстан Республикасының Заңнамасында айқындалған мәндердегі ұғымдар және мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде мемлекеттік статистика саласындағы басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы);

2) электрондық әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізуге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету (бұдан әрі – ЭӘШБЕА БҚ) – кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкіміне әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін енгізу, түзету және сақтауды жүзеге асыруға, сонымен қатар енгізілген ақпарат негізінде жиынтық біріктірілген деректерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету.

2-тарау. Тіркеу жазбаларын жүргізу

4. ЭӘШБЕА БҚ-да әр шаруашылық бойынша есепке алудың тіркеу жазбаларын енгізу үшін бес жыл мерзімге есептелген мынадай дәптерлер арналады:

осы Әдіснаманың 1-қосымшасына сәйкес үй шаруашылықтарының есепке алу дәптері;

осы Әдіснаманың 2-қосымшасына сәйкес ШФҚ есепке алу дәптері.

Жұмыс дәптерлері кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері үй шаруашылықтары, ШФҚ аралау кезінде мәліметтерді одан әрі ЭӘШБЕА БҚ-ға ауыстыру үшін көмекші құрал ретінде пайдалануына арналған.

Бес жылдық мерзім аяқталған соң кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі дәптерлерге қажеттілігін айқындайды және бес жылдық мерзімі өтетін жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде қажетті дәптерлердің саны туралы ақпаратты уәкілетті органның ведомствосына ұсынады.

5. Уәкілетті органның ведомствосы:

1) кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдерін дәптерлермен қамтамасыз етеді;

2) ЭӘШБЕА БҚ жетілдіреді;

3) әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізудің ұйымдық және әдіснамалық қағидаттарын әзірлейді және жетілдіреді.

6. Кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері әр шаруашылық бойынша есепке алуды өздеріне бағынысты елді мекендер бойынша жүргізеді. ЭӘШБЕА БҚ-да ақпараттың сақталуын, уақтылы және дұрыс енгізілуін кенттің, ауылдың, ауылдық округ әкімі қамтамасыз етеді.

7. Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін өзектілендіруді күнтізбелік жылдың 1 қаңтардағы және 1 шілдедегі жағдай бойынша жүргізеді. ЭӘШБЕА БҚ-ға деректерді бұдан әрі ауыстыру және тиісті түзетулерді енгізу мақсатында дәптерлерді пайдаланумен күнтізбелік жылғы желтоқсанның 1-нен 31-не дейін және маусымның 1-нен 30-на дейінгі кезеңде аулаларды толық аралау және халыққа, сондай-ақ ШФҚ басшыларына сауал салуды жүргізу арқылы әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін өзектілендіру жүргізіледі.

Әр шаруашылық бойынша есепке алу ақпараттарының өзгеруі туралы мәліметтерді азаматтар және ШФҚ басшылары жергілікті атқарушы органға жүгінуі кезінде қажеттілігіне қарай жазбаша түрде де (өтініш берілген күнді көрсетумен еркін түрде), өз бетінше де ұсынады. Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері немесе жергілікті атқарушы органның мамандары мұндай өтініш түскен кезде осы Әдіснамаға 2-1-қосымшаға сәйкес Журналда міндетті тіркеумен көрсетілген мәліметтерді ЭӘШБЕА БҚ-ға енгізулері қажет.

Егер болған өзгерістер туралы әкімшілік дереккөздерден үй шаруашылықтары және (немесе) ШФҚ бойынша анық ақпараттар бар болса, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері басқа күндердегі жағдай бойынша ЭӘШБЕА БҚ-ға деректерді өз бетінше өзектілендіреді.

8. Жекелеген тұрғын үйлердің, ұсақ елді мекендердің және ШФҚ-ның қамтылмай қалуына жол бермеу үшін кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі немесе жергілікті атқарушы органның маманы әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін өзектілендіру алдында:

кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағында орналасқан барлық үй шаруашылықтарының және ШФҚ тізімін нақтылайды – бұл ретте әр шаруашылық бойынша есепке алуға барлық ұсақ елді мекендерді және жеке орналасқан тұрғын үйлердің (жол айрықтарының, қыстаулардың, мал жайылымдарының, кіші шаруашылықтардың, станциялардың) қосылғанына назар аударады;

кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағындағы ауруханалық мекемелерде, ведомстволық үйлерде, қосалқы шаруашылықтарда, мал жайылымдарында, жатақханаларда, оқушыларға арналған интернаттарда, балалар үйлерінде, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйлерінде тұратын азаматтардың отбасыларының болуын тексереді.

9. Ірі елді мекендерде кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі немесе жергілікті атқарушы орган маманының барлық үй шаруашылықтарын және ШФҚ-ны 30-31 күнтізбелік күн ішінде (күнтізбелік жылғы желтоқсанның 1-нен 31-не дейін және маусымның 1-нен 30-на дейін) жеке аралап және осы мерзімде әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін өзектілендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі болмағанда кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі оған көмекке жергілікті атқарушы органның басқа мамандарын қосымша тартады. Осы мақсатта жергілікті атқарушы органның маманы елді мекендердің және ШФҚ-ның тізімдерін нақтылағаннан кейін, оларды жекелеген шекті учаскелерге бөледі, бұл учаскелерді жұмысқа тартылған мамандар арасында бөледі және бұл тізімді кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкіміне бекітуге ұсынады. Кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі өзінің шешімінде жұмысқа тартылған мамандар тізімін бекітеді, мұнда осы жұмыстың кімге және қандай елді мекендерде, қандай көшелерде (ірі елді мекендерде) жүргізу тапсырылатындығы көрсетіледі. Жұмысқа тартылған мамандардың барлық жұмысына кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі басшылық жасайды. Тіркеу жазбаларын толтыру, тексеру және нақтылау үшін әкімдер дәптерлерді тартылған мамандарға береді.

10. Статистика органдарына әр шаруашылық бойынша есепке алу жөніндегі деректерді ұсыну электронды түрде (электронды жеткізгіштерде) үй шаруашылықтары және ШФҚ бөлінісінде есептік кезеңнен кейінгі айдың 1-ші күніне дейін жүзеге асырылады.

11. Әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін:

уәкілетті орган ведомствосы – статистикалық тіркелімдерді өзектілендіру үшін;
жергілікті атқарушы органдар – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өздерінің функцияларын орындау үшін пайдаланады.

3-тарау. Үй шаруашылықтары бойынша жазбаларды жүргізу тәртібі

12. Әр шаруашылық бойынша есепке алумен кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағында тұрақты немесе уақытша тұрып жатқан үй шаруашылықтарының барлық мүшелері құрылысы, мекені, малының болуына қарамастан қамтылады.

Уақытша тұратындар қатарында халықтың мынадай санаттары есепке алынады:

1) кенттің, ауылдың, ауылдық округтің аумағына уақытша келгендерге:

оқу орнының орналасқан жері бойынша (оқу орындарының жатақханаларында, мектеп жанындағы интернаттарда) оқу кезеңінде тұратын, оқушылар;

балалар үйінің тәрбиеленушілері;

мүгедектер және қарттар үйлеріндегі мүгедектер мен қарттар;

ауруханалық мекемелерде ұзақ мерзімді ем алып жатқан науқастар;

уақытша және маусымды жұмысқа, сондай-ақ шарт бойынша жұмысқа келген адамдар;

қалалық мекендерде тіркеліп, бірақ іс жүзінде кенттің, ауылдың, ауылдық округтің аумағында тұратын азаматтар;

әскери қызметшілердің әскери қызметтен өтетін орнына келген және кенттің, ауылдың, ауылдық округтің аумағында тұратын әскери қызметкерлердің отбасы есепке алынады;

2) кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағына келген бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде босатылған және осы кенттің, ауылдың, ауылдық округтің аумағында белгілі бір уақыт ішінде тұрып жатқан адамдар;

Тіркеу жазбаларында жазғы маусымға тұрғын үй-жайларды жалдайтын адамдар және кенттің, ауылдың, ауылдық округ аумағында орналасқан саяжай иелері (салушылары), қалалық мекенде тұрғылықты тұратындар және тіркелгендер есепке алынбайды.

Уақытша тұратын адамдардың санатын анықтау үшін уақытша тұру мерзімі өлшемшарт ретінде белгіленбеген және жұмыстың, емделудің, оқудың басталған және аяқталған мерзімімен немесе басқа да негіздермен айқындалады.

Уақытша тұратындарды енгізу олардың кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағына келген сәтінен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Бұл ретте ЭӘШБЕА БҚ-ға шаруашылықтың барлық мүшелері кіреді.

Жұмысшылар және білім беру, денсаулық сақтау мекемелеріне, балалар үйлеріне, мүгедектерге арналған үйлерге қызмет көрсететін қызметшілер және осы жергілікті

жерде тұрақты тұратындар кенттің, ауылдың, ауылдық округтің аумағында уақытша тұратындар болып саналмайды, әр шаруашылық бойынша есепке алуда тұрғылықты жері бойынша есепке алынады.

13. Ұсақ елді мекендердің үй шаруашылықтары "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 6-тармақшасына сәйкес ЭӘШБЕА БҚ-сына енгізіледі.

14. Кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері ЭӘШБЕА БҚ-да барлық үй шаруашылықтары үшін дербес шоттар нөмірлерін (үй шаруашылықтарының жазбаларының реттік нөмірі) жасайды және жүргізеді. Дербес шоттың нөмірі осы үй шаруашылықтары үшін барлық мерзімге немесе үй шаруашылықтары жабылған сәтке дейін тұрақты болып табылады. Үй шаруашылықтары дербес шотының нөмірі бойынша қажеттілігіне қарай ЭӘШБЕА БҚ-дан үй шаруашылықтары бойынша ақпарат қалыптастырылады.

15. Кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі және жергілікті атқарушы органының маманы бір жыл ішінде ағымдағы тәртіппен үй шаруашылықтары бойынша тиісті жазбаларды жүргізеді:

Атап айтқанда мынадай:

азаматтық хал актілері жазбасының материалдары бойынша туғандар және қайтыс болғандар туралы;

отбасы мүшелерінің хабарламалары негізінде үй шаруашылықтарының уақытша болмаған мүшелерінің үй шаруашылықтарынан кетуі және оған қайтып келуі туралы;

үй шаруашылықтары (отбасы) иесінің өзгеруі туралы;

үй шаруашылықтары бөлінуі және бірігуі туралы;

үй шаруашылықтары барлық мүшелерінің жаңа тұрғылықты жерге көшуі және кетуі туралы ақпарат нақтыланады.

16. Үй шаруашылықтары бойынша деректерді ЭӘШБЕА БҚ-ға енгізу кезінде ең алдымен:

үй шаруашылығының дербес шотының нөмірі;

мекенжайдың тіркеу коды (бұдан әрі – МТК);

үй шаруашылықтары мекенжайы және телефоны (ол болған кезде) толтырылады.

МТК – "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесі генерациялайтын мекенжай объектісінің бірегей коды. МТК адресация объектісінің бүкіл өмірлік циклі ішінде бірегей және міндетті болып табылады. Аталған жол міндетті болып табылады және үйге мекенжай берген кезде толтырылады. МТК бойынша ақпаратты әкімдік маманы ЭӘШБЕА БҚ-ны "Мекенжай тіркелімі", "Жеке тұлғалар", "Заңды тұлғалар" және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік деректер қорымен интеграциялауды жүзеге асыру мақсатында толтырады.

17. I "Үй шаруашылығы мүшелерінің тізімі" бөлімі әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша өзектілендіріледі және деректер келесі тәртіппен енгізіледі.

Әрбір нақты жағдайда үй шаруашылықтары жалпы келісімі бойынша оның кәметке толған мүшелері болып айқындалатын үй шаруашылықтары мүшесі бірінші болып енгізіледі және дербес шотта ол адам бірінші жазылады.

Бірінші жазылған адамнан кейін үй шаруашылықтарының бар, сондай-ақ уақытша жоқ барлық қалған мүшелері жазылады.

Үй шаруашылықтарының әрбір мүшесіне жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), яғни жеке тұлға, оның ішінде қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір қойылады. Егер үй шаруашылықтары мүшесінде немесе үй шаруашылықтары мүшелерінде ЖСН коды болмаған жағдайда ол адамдарға оны алу үшін аумақтық ішкі істер органдарына жүгіну қажет.

"Жынысы" деген жолда осы жолда келтірілген кодтардың біреуіне сәйкес келетін код қойылады.

"Бірінші жазылған үй шаруашылығы мүшесіне қатынасы" деген жолда бірінші жазылған үй шаруашылықтары мүшесі тегінің, атының, әкесінің атының (бар болған жағдайда) астына "бірінші жазылған тұлға" деген 1 – код қойылады, ал қалған үй шаруашылықтары мүшелеріне осы жолда келтірілген кодтардың біреуіне сәйкес келетін кодтар қойылады.

"Ұлты" деген жолда осы Әдіснамаға 3-қосымшаға сәйкес ұлттар жіктеуішіне сәйкес кодтар қойылады. Баланың ұлты "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 65-бабына сәйкес айқындалады.

"Оқиға күнін көрсетіңіз" деген жолдарда осы елді мекенде тұрақты тұратын адамдардың немесе осы елді мекенге тұрақты тұруға келген адамдардың тиісті оқиғаларының (туылуы, қайтыс болуы, келуі, кетуі) күні көрсетіледі, бұл ретте күні (күні, айы және жылы) толық көрсетіледі. Оқиғалардың күндері үй шаруашылықтары иесінің сөзінен немесе тиісті құжаттарды (төлқұжат, жеке куәлік, туу, қайтыс болуы және неке қию туралы куәлік) ұсынған кезде көрсетіледі. Сонымен қатар оқуға, қызметке немесе басқа себептерге байланысты уақытша адамдардың келген немесе кеткен оқиғаларының күні жазылады.

"Осы елді мекенде уақытша тұрады" деген жолда уақытша тұруға келген күні көрсетіледі.

"Кенттің, ауылдың, ауылдық округтың шегінен тыс уақытша тұратындардың кетуі туралы белгі" деген жолда уақытша тұрған адамның кеткен күні көрсетіледі.

"Білім деңгейі" деген жолда үй шаруашылықтарының барлық мүшелеріне осы Әдіснамаға 4-қосымшаға сәйкес білім деңгейінің анықтамалығына сәйкес кодтар қойылады.

"Жұмыспен қамтылу жағдайы" деген жолда 15 жастағы немесе одан үлкен үй шаруашылықтары мүшелеріне осы Әдіснамаға 5-қосымшаға сәйкес жұмыспен қамтылу жағдайының тізбесіне сәйкес кодтар қойылады.

"Күнкөрістің қаражат көздері" деген жолда шаруашылықтың барлық мүшелеріне осы Әдіснамаға 6-қосымшаға сәйкес күнкөрістің қаражат көздерінің тізбесіне сәйкес кодтар қойылады.

18. "Тұрғын үй жағдайлары" II бөлімінде күнтізбелік жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша тұрғын үй туралы мынадай:

тұрғын үйдің (пәтердің) типі;

тұрғын үйдің (пәтердің) жағдайы;

тұрғын үйдің (пәтердің) меншік түрі (жеке, мемлекеттік, ведомстволық, қызметтік, басқа меншік нысаны);

алаңының (жалпы және тұрғын) мөлшері;

бөлме саны;

абаттандырылуы;

сыртқы қабырғалардың материалдары (кірпіш, тас; ірі панельді; қаңқалы – панельді; көлемді-блокты; ірі блокты; ағаш, шпалдар; моноклитті бетон (темір бетон); ұяшықты бетон; саман; қаңқалы-камышитті; басқа да қабырға материалдары);

пайдалануға берілген жылы туралы деректер енгізіледі.

ЭӘШБЕА БҚ-да "үйдің сәйкестендіру коды" (бұдан әрі – ҮСК) және "пәтердің сәйкестендіру коды" (бұдан әрі – ПСК) сәйкестендіргіштері бар. ҮСК және ПСК "Тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі" (бұдан әрі – ТҚСТ) ақпараттық жүйесінде республикалық деңгейде құрылады және әрбір үйді сәйкестендіру, ТҚСТ-да ЭӘШБЕА БҚ-дан үй (пәтер) туралы ақпаратты салыстыруды және өзектілендіруді жүзеге асыру үшін қызмет етеді. ҮСК және ПСК бұрын енгізілген барлық үйлерге (пәтерлерге) берілген. Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері немесе жергілікті атқарушы органның мамандары жаңа үйді ЭӘШБЕА БҚ-ға енгізгеннен кейін аудандық статистика органдарына үй бойынша барлық сипаттамаларды (үй шаруашылықтары дербес шоты, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі, үйдің мекенжайы, түрі, үйдің ахуалы, меншік түрі, жалпы және тұрғын алаңдарының көлемдері, бөлмелердің саны, абаттандырудың болуы, сыртқы қабырғаларының материалдары, үй шаруашылықтарының және тұратындардың саны) хабарлайды. Үй (пәтер) бойынша сипаттамаларды ТҚСТ-ға аудандық статистика органдарының қызметкерлері енгізеді, содан кейін ҮСК және ПСК-ны автоматты түрде беру жүргізіледі. Бұдан әрі ҮСК және ПСК аудандық статистика органдарынан осы дербес шот немесе мекенжайы бойынша ЭӘШБЕА БҚ-ге енгізу үшін тиісті жергілікті атқарушы органға беріледі.

"Тұрғын үйдің (пәтердің) типі" жолын толтыру кезінде ("V") белгісі бір жерде ғана көрсетіледі және мынадай тұрғын үй типтерінің біреуі көрсетіледі:

1) бір пәтерлі (жеке) – үй жанындағы учаскеде орналасқан және шаруашылық пен басқа да құрылыстарымен және жасыл желекті екпелерімен бірге азаматтың меншігіндегі жеке (отбасымен) тұруға арналған үй;

2) екі пәтерлі үй – екі пәтерден тұратын үй;

- 3) үш пәтерлі үй – үш пәтерден тұратын үй;
- 4) төрт пәтерлі үй – төрт пәтерден тұратын үй;
- 5) бес пәтерлі үй – бес пәтерден тұратын үй;
- 6) алты және одан да көп пәтерлі үй – алты және одан да көп пәтерден тұратын үй.

"Тұрғын үйдің (пәтердің) жағдайы" деген жолда "V" белгісі бір жерде ғана көрсетіледі, мынадай тұрғын үй ахуалдарының біреуі көрсетіледі:

- 1) тұратын үй (тұру үшін жарамды, ескірген, апатты, бос немесе иесіз);
- 2) тұрғын үй қорынан шыққан үй/пәтер (үй/пәтер тұрғын үй қорынан шыққан кезде шыққан күні мен себебі толтырылады).

Үйдің/пәтердің "ескі" немесе "апатты" жағдайын жергілікті атқарушы органның жанындағы тұрғын үй-коммуналдық комиссиясы арқылы айқындайды.

Бос немесе иесіз дегеніміз, күнтізбелік жылдың 1 қаңтарына онда ешкім тұрған жоқ деген дәйекті мәліметтер бар ауылдық жерлерде орналасқан тұрғын үйлер/пәтерлер.

Үйді тұрғын үй қорынан шығарған кезде шығару себептерінің бірі қойылады: ескіру, табиғат апаттары, қайта жабдықталған тұрғын емес үй, апаттылығы бойынша, тастап кеткен үй немесе басқа себептер.

"Меншік түрі" деген жолда "V" белгісі бір жерде ғана көрсетіледі. Үйдің меншік түрлерінің біреуі көрсетіледі:

- 1) жеке;
- 2) мемлекеттік;
- 3) ведомстволық;
- 4) қызметтік;
- 5) меншіктің басқа нысаны.

"Жеке" жолы бойынша белгі, егер үй немесе пәтер жеке тұлғаға(ларға) немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаға(ларға) тиесілі болған жағдайда көрсетіледі.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе жедел басқарудағы "Мемлекеттік" жолында белгі егер үй немесе пәтер мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген жағдайда көрсетіледі.

"Ведомстволық" деген жол бойынша белгі, егер ротация тәртібімен лауазымға тағайындалатын мемлекеттік қызметшілерге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде одан әрі жекешелендіру құқығынсыз тұру үшін тұрғын үй комиссиясының шешімі бойынша мемлекеттік мекемелердің балансындағы қызметтік үй болған жағдайда көрсетіледі;

"Қызметтік" деген жол бойынша белгі, егер мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан берілетін және Қазақстан Республикасының азаматтарын олардың еңбек қатынастарының сипатына байланысты міндеттерді орындау кезеңіне, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерді ротациялауды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын ерекше құқықтық режимдегі үй болған жағдайда көрсетіледі;

Жалпы және тұрғын алаңының көлемі тұрғын үй-жайдың жоспары негізінде анықталады, егер де жоспар болмаған немесе жоспардан ауытқулар болған жағдайда тұрғын үй-жай ішкі өлшемімен анықталады және шаршы метрмен көрсетіледі.

Тұрғын жайдың жалпы алаңы – тұрғын жайдың пайдалы алаңының және нормативті-техникалық актілерге сәйкес төмендететін коэффициенттерді қолданылып есептелетін балкондар, лоджиялар, дәліздер, террасалар алаңдарының жиынтығы.

Тұрғын жайдың пайдалы алаңы – тұрғын жайдың тұрғын және тұрғын емес алаңының жиынтығы;

Тұрғын жайдың тұрғын алаңы – тұрғын жайдағы (пәтердегі) тұрғын бөлмелердің (жатын бөлменің, мейманжайдың, балалар бөлмесінің, үйдегі кабинеттің) шаршы метрмен есептелетін алаңының жиынтығы;

Тұрғын жайдың тұрғын емес алаңы – тұрғын жайдағы (пәтердегі) ішкі қосалқы бөлмелердің (ас үйдің, ванна бөлмесінің, дәретхананың, кіреберістің, дәліздің, пәтер қоймасының) шаршы метрмен есептелетін алаңдарының жиынтығы;

"Бөлме саны" деген жолда тұрғын жайдағы (пәтердегі) тұрғын бөлмелердің саны көрсетіледі.

"Абаттандыру" деген жолы тиісті шаруашылыққа жататын үйге немесе үйдің бөлігіне жүргізіледі. Тұрғын үй қорын абаттандыруды өзектендіру кезінде тұрғын үй-жай жабдықталған деп есептелетінін ескеру қажет:

1) егер үйде электр сымдары болса, электр тоғымен;

2) сумен жабдықтау:

егер үйдің ішінде су орталықтандырылған су құбырынан немесе артезиандық ұңғымадан түсетін тарату желісі болса, үйдегі су құбырымен;

егер үйдің (жеке тұрған ас үй немесе үйдің сыртындағы ұқсас үй-жайлар) сыртында су орталықтандырылған су құбырынан немесе артезиандық ұңғымадан түсетін тарату желісі болса, үй сыртындағы су құбырымен;

егер үй ауласында құдық немесе су таратқыш шүмек (колонка) немесе ұқсас сумен жабдықтау көздері болса, құдықпен, колонкамен немесе ұқсас сумен жабдықтау көздерімен;

егер үйде жоғарыда көрсетілген сумен жабдықтау көздері болмаса және ауыз суды жеткізу басқа өңірлерден, алыс орналасқан су көздерінен немесе ұқсас сумен жабдықтау көздерінен, көлікпен жүзеге асырылса, ауыз суды жеткізумен;

3) егер үйдің ішінде көшедегі кәріз желісіне шаруашылық нәжіс суларының ағуына арналған кәріз құрылғысы немесе сорғыш құдықтар болса, орталық кәрізбен. Су құбыры жоқ, сондай-ақ биодәретханасы бар болған жағдайда тұрғын үй кәрізбен жабдықталған тұрғын үй деп есептелмейді;

өзге кәріз жүйесімен, елді мекеннің су бұру жүйесіне қосылмаған тұрғын үйлерден (тұрғын ғимараттардан) алынған сұйық тұрмыстық қалдықтар су өткізбейтін ыдыстарға-кейіннен арнайы автокөлікпен әкетіп, ағызу станцияларында төгіп, оларды орналастыру орындарын халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органы және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым айқындайтын шұңқырларға шығарылуы тиіс;

4) жылытумен:

егер өз үйінде жылу қазандығы, орамдық немесе аудандық қазандық, жылу электрорталықтары, сондай-ақ автоматты газ сужылытқыштарын орнату (ЖЭО) болса, орталықтан жылытумен;

жеке қондырғылармен жылытумен: егер жылу қондырғыларынан немесе дәстүрлі тұрғын үйдің ішінде тұрған немесе үлкен жеке үйлердің немесе коттеждердің және уақытша шағын үйлердің иелерінде айрықша жағдайлар үшін қосымша нұсқа ретіндегі газ және қатты, сұйық отынмен жағылатын жабдықтау бар болса, пешпен жылытумен;

жаңартылатын энергия көздерімен – табиғи жүретін табиғи процестер есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздері, оған мынадай түрлер кіреді: күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, судың гидродинамикалық энергиясы; геотермалдық энергия : топырақтың, жер асты суларының, өзендердің, су айдындарының жылуы, сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын биомасса, биогаз және органикалық қалдықтардан жасалған өзге де отын;

5) егер жеке ванна бөлмесімен қатар, осы мақсаттар үшін арнайы жабдықталған бөлмеде ыстық судың түсу тәсіліне қарамастан, стационарлық ванна немесе себезгімен, бұл ретте ванна (себезгі) орнатылып, ал кәріз жоқ болса тұрғын үй ваннамен немесе себезгімен жабдықталған деп есептелмейтінін;

б) ыстық сумен жабдықтау;

егер тұрғындардың тұрмыстық мұқтажы үшін ыстық суды орталықтан беретін арнайы су құбыры болса, орталық ыстық сумен қамтамасыз етумен;

егер пәтердегі су жылытқыштардан, газды (ағашты) колонкалардан, кіші жылу қазандықтарын қоса алғанда ыстық су беретін арнайы су құбыры болса жеке су жылытқыштан ыстық сумен қамтамасыз етумен;

7) газбен

егер желілік табиғи газбен жабдықталған еденүсті газ плитасы болса, желілік (табиғи) газбен;

егер сұйытылған (газ тәрізді заттарды сақтауға арналған баллондағы немесе газгольдердегі-резервуарлардағы) газбен жабдықталған еденүсті газ плитасы болса, сұйытылған газбен жабдықталған деп есептелетінін, сондай-ақ сұйытылған газбен

жабдықталған еденүсті газ плитасы орнатылған бөлек тұрған асүйі бар үй газдандырылған деп есептелетінін;

8) егер еденүсті электр плитасы болса, еденүсті электр плитасымен жабдықталған деп есептеледі немесе еденүсті электр плитасы орнатылған бөлек тұрған асүй (асүйге арналған арнаулы күрделі ғимарат) бар үй еденүсті электр плитасымен жабдықталған деп есептелетінін ескеру қажет.

"Сыртқы қабырғалардың материалдары" – деген жолда үйдің сырты (сыртқы қабырғасы) салынған құрылыс материалдары көрсетіледі. Егер қабырғалар бірнеше материалдардан салынса, басым материал көрсетіледі.

19. "Жеке меншіктегі және пайдаланудағы жерлер" III бөлімінде әрбір үй шаруашылығы бойынша күнтізбелік жылғы 1 қаңтардағы және 1 шілдедегі жағдай бойынша шаруашылықтың жеке меншігіне жататын жер ауданы шаршы метрмен көрсетіледі.

III бөлімнің А кіші бөлімінде шаруашылықтың жеке меншігіне жататын барлық жер ауданы жазылады. Халықтың жеке қосалқы шаруашылығын жүргізуге арналған жер ауданы туралы деректер жер учаскесіне жеке меншік құқығын иелену актісінен жазып алынады.

III бөлімінің Б кіші бөлімінде басқа да жер иелерінен қолданысқа алынған жерлер жазылады. Бұл кіші бөлімде күнтізбелік жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша үй шаруашылықтары пайдаланатын егістіктер, табиғи пішендіктер және жайылымдар көрсетіледі.

III бөлімінің В бөлімінде ағымдағы жылғы астыққа егілген ауыл шаруашылығы дақылдарының егісі (барлық егіс алқабы) туралы деректер үй шаруашылық иесіне (немесе үй шаруашылықтарының кәмелетке толған мүшелеріне) сұрау жүргізу арқылы толтырылады. Ауыл шаруашылығы дақылдарын егу үй іргесіндегі учаскелердегі және бөлінген бау-бақшалардағы егістерді қамтиды.

Қатараралық бау-бақшалардағы егістер тиісті дақылдың егіс алаңының қорытындысына және барлық егіс алаңының қорытындысына кіреді. Қатараралық жыртылып өндірілген дақылдардың егістігі, сондай-ақ қайталап егілетіндер (аңыздықтар) егіс алаңына кірмейді. Егіс алаңында бау-бақшалар, жидек егісі, жасыл көгал, сүрлеу жолдар және ауылшаруашылығы дақылдары егілмеген басқа да алаңдар есептелмейді.

"Дәнді (күрішті қоспағанда) және бұршақты дақылдар" жолы бойынша дән түрінде пайдалануға арналған сақталып қалған күздік (бидай, қара бидай, арпа, тритикале) және есепті жылы егілген астық түрінде қолдануға арналған жаздық дәнді және дәнді бұршақты дақылдар (бидай, арпа, қара бидай, сұлы, тритикале, масақтылар қоспасы, жүгері (маис), тары, қарақұмық, күріш, қонақ жүгері және басқа дәнді бұршақтылар) егісі енгізіледі. Басқа мақсаттарға (көк азыққа, сүрлемге, пішенге) арналған дәнді дақылдар бұл жолға енгізілмейді.

"Дәнді (күрішті қоспағанда) және бұршақты дақылдар" деген жолдан есепті жылы егілген сақталған күздік дәнді дақылдардың және түрлері бойынша жаздық дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар егістіктер белгіленеді (бидай, жүгері (маис), арпа, қара бидай, сұлы, қонақ жүгері, тары, қарақұмық, тритикале (бидай-қара бидай буданы), масақтылар қоспасы, жасыл ірі бұршақ көкөністер (жаңа піскен (одан үрмебұршақты, асбұршақты бөліп шығару), кептірілген бұршақты көкөністер (одан үрмебұршақты, ноқатты, жасымақты, асбұршақты бөліп шығару)).

"Жүгері (маис)" деген жолда сүрлем мен жасыл азыққа пайдаланылатын, сүттенгенге дейінгі балауыз, сүтті-балауыз және балауызданып піскендерді алып тастағанда, толық піскен жүгерінің дәні көрсетіледі. Бұл дақылдар азық дақылдары бойынша көрсетіледі.

"Майлы дақылдар" жолы бойынша майлы дақылдарға арналған егіс алаңдары көрсетіледі.

"Майлы дақылдар" деген жолдан шашақты зығырдың, қыша, күздік және жаздық рапс, күнбағыстың, мақсары, соя бұршақтары, жер жаңғағы тұқымдары және басқа да дақылдарға арналған егіс алаңдары көрсетіледі.

Күнбағыстың сүрлемге арналған егістері кірмейді және жемдік дақылдар бойынша көрсетіледі.

"Ақталмаған күріш" деген жолда күріш егістігіне арналған жер алаңы көрсетіледі.

"Көкөністер және бақша дақылдары, тамыр жемістілер және түйнек жемістілер" деген жолда көкөністер және бақша дақылдары, тамыр жемістілер және түйнек жемістілерге арналған жалпы егіс алаңдары көрсетіледі.

"Көкөністер және бақша дақылдары, тамыр жемістілер және түйнек жемістілер" деген жолдан қырыққабат, бұрыш, қияр, баялды, қызанақ, асқабақ, кәді, асханалық сәбіз, сарымсақ, басты пияз, шомыр, шалғам, асханалық қызылша, бақша дақылдары, картоп, қант қызылшасы, саңырауқұлақ және өзге де көкөністерге арналған егіс алаңдары көрсетіледі.

"Темекі" деген жолда темекі егісінің алаңы көрсетіледі.

"Тұқымнан тазаланған немесе тазаланбаған мақта" деген жолда көлеңкелеу үшін жағалай отырғызылған ағаштың жолақтары, жеке тұрған ағаштардың көлеңкелік алаңын қоса алғанда мақта егісінің барлық нақты алаңы көрсетіледі.

"Азықтық дақылдар" деген жолда барлық азықтық дақылдардың егістері көрсетіледі.

"Азықтық дақылдар" деген жолдан азықтық тамыржемісті, азықтық бақша (азықтық асқабақ, азықтық қарбыз және азықтық кәділер), азықтық дәнді (одан судан шөбін бөліп шығару) және дәнді бұршақты, сүрлемге арналған азық (жүгерісіз), азықтық жүгері, пішендіктер (бір жылдық және көп жылдық шөптерді бөліп шығару (одан жоңышқа тұқымдарын бөліп шығару)) және басқа да дақылдар егістері көрсетіледі.

"Гүлдер" деген жолда ашық жерде өсірілетін гүл егістерінің алаңдары бойынша деректер көрсетіледі.

III бөлімнің Г кіші бөлімінде көпжылдық дақылдардың: жүзім, алма, алмұрт, өрік, шие, шабдалы, қара өрік (одан шомыртты бөліп шығару), жеміс және жидектер (соның ішінде таңқурай, қой бүлдірген (құлпынай), қарақат және басқалары) жаңғақтар және басқа да көпжылдық дақылдар егістерінің алаңдары бойынша деректер толтырылады.

20. IV "Шаруашылықтың жеке меншігі болып табылатын мал (басы)" бөлімінде мал басы, құстар және өзге де ауылшаруашылығы жануарлары туралы деректер көрсетіледі.

Есептеу үй шаруашылықтары иесінің немесе кәмелеттік жастағы мүшелерінің қатысуымен малдың заттай мәнінде қайта есептеу жолымен жүргізіледі. Заттай мәніндегі мал басын қайта есептеу малдың қорада болған уақытында жүзеге асырылады. Құстың саны үй шаруашылықтары иесінен немесе кәмелеттік жастағы мүшелерінен сұрау жүргізу арқылы енгізіледі.

Егер нақты қайта есептеуді жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, мысалы, мал жайылымда болғанда, мал басы туралы деректер үй шаруашылықтары иесінен немесе осы үй шаруашылықтарының кәмелеттік жастағы мүшесіне сұрау жүргізу арқылы енгізіледі.

Малды есепке алу кезінде малдар мен құстардың түрлері "Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) анықтамалығына" және "Мал шаруашылығы өнімдерінің анықтамалығына кірмейтін ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) анықтамалығына" сәйкес белгіленеді.

Ірі қара малдың басы жөніндегі деректерді толтыру кезінде сүтті табынға қара ала, голштин фриз, қызыл далалық, әулиеата, айршир, латвиялық қоңыр сияқты тұқымдар кіретінін ескеру керек. Етті табынға қазақтың ақбас, әулиекөл, ангус, герефорд, обрак, шароле, лимузин, санта-гертруда, галловей, қалмақ сияқты тұқымдар жатады. Сүтті-етті табынға алатаулық, симменталдық және швицтік сияқты тұқымдар жатады. Тұқымдық емес малды пайдалану мақсатына қарай (ет немесе сүт алуға) сүтті немесе етті табынға жатқызады, яғни сиырдан сүтті адамның одан әрі тұтынуы немесе өткізуі үшін алатын болса, онда мұндай сиырларды сүтті табынға жатқызады.

Мал саны туралы нақты деректер алу мақсатында әр шаруашылық бойынша есепке алу деректеріне нақтылауды жүргізетін адамдар күнтізбелік жылғы желтоқсанның 1-нен 31-не дейін және маусымның 1-нен 30-на дейінгі кезеңде оларға тапсырылған учаскедегі барлық шаруашылықтарды ерекшелеусіз, осы шаруашылықтарда малдың бар не жоқ екендігіне қарамастан аралап шығады және бұл ретте көрші учаскемен (елді мекенмен) шектелетін аулалардың қалып қоймауына ерекше назар аударылады.

"Балық және басқа су жануарларын аулау, кг" деген жолда үй шаруашылықтарының мүшелері бір жылдың ішінде табиғи ортада ауланған балықтың және басқа да су жануарларының саны килограммен көрсетіледі.

21. V "Күнтізбелік жылғы 1 қаңтарға ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға және мал ұстауға арналған құрылыстар, басқа да құрылыстар" бөлімінде жарықтандырылуы, арнайы жабдығы, температуралық режимді ұстап тұратын желдеткіші бар жерасты және жерүсті күрделі құрылыстары мен имараттары бойынша ақпарат көрсетіледі.

Құрылыстар бойынша көрсеткіштер осы Әдіснамаға 7-қосымшаға сәйкес "Негізгі қорлар жіктеуішіне" (бұдан әрі – НҚЖ) сәйкес енгізіледі.

"Ауыл шаруашылығы өнімдерін ұстауға арналған құрылыстар" - құрылыстың түрі, құрылыстың әрбір түрі бойынша олардың саны және сыйымдылығы көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылыстар мен имараттардың сыйымдылығы қойманың сақтау орнының немесе имараттың пайдалы көлемін өнімнің бір текше метрінің орташа салмағына көбейту арқылы есептеледі.

"Ауыл шаруашылығы малдарын ұстауға арналған құрылыстар" - құрылыстың түрі көрсетіледі, құрылыстың әрбір түрі бойынша олардың саны және мал орындарының саны көрсетіледі. Малдардың әртүрлі түрлерін бірге ұстауға арналған құрылыстарға мал орнының саны қойылмайды.

"Өсіруге арналған жылыжайлар" - жабық жерде көкөністерді, гүлдерді және басқа да дақылдарды өсіруге арналған алаңдар бойынша деректер көрсетіледі. Алаң шаршы метрмен көрсетіледі.

Дәптерлерде жазылған барлық деректер (мәліметтер) үш жұмыс күнінің ішінде, ал азаматтардың өтініштері – өтініш жасаған күні ЭӘШБЕА БҚ-ға енгізілуі тиіс.

4-тарау. Шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша жазбаларды жүргізу тәртібі

22. Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағында тіркелген барлық ШФҚ құрылысы, мекені және малының болуына қарамастан әр шаруашылық бойынша есепке алумен қамтылады.

ШФҚ басшысын сол шаруашылықтың басқа тұлғасына ауыстырған жағдайда (қайтыс болуына немесе басқа да себептерге байланысты), ШФҚ бұрынғы басшысының тегін, атын және әкесінің атын (ол болған кезде) ауыстырады және жаңа басшыны негіздеуші құжатқа сілтеме жасай отырып енгізеді. Егер де ШФҚ жеке кәсіпкерлік нысанында тіркелген жағдайда ЖСН ауыстыру жүргізіледі.

Егер ШФҚ қызметін тоқтатқан немесе үй шаруашылығының барлық мүшелері аталған ауылдық округтің шегінен тұрақты тұруға кететін болса, онда оның мекенжай бөлігі жабылады, қызметін тоқтатқан күні және себебі көрсетіледі (банкроттық, жер учаскесіне жеке меншік құқығын және жерге ие болу құқығын тоқтату).

ШФҚ басшысы басқа көшеге немесе басқа елді мекенге тұрғылықты жерін өзгерткен жағдайда "Шаруа немесе фермер қожалықтары басшысының нақты мекенжайы" деген жолда бұрынғы мекенжайы жаңа мекенжайға ауыстырылады.

Егер ШФҚ бірнеше қожалықтарға тарап кетсе, онда бұрынғы қожалықтың мекенжай бөлігін сызып тастап, себептерін жазады: "...-ке бөлінді" және жерге ие болу туралы жаңадан берілген актінің нөмірі және күні қойылады. Содан кейін ЭӘШБЕА БҚ-да жерге иелік ету актісіне сәйкес жаңадан құрылған ШФҚ-ны құрады.

ШФҚ қызметінің негізгі бағыты: өсімдік шаруашылығы немесе мал шаруашылығы немесе аралас (өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы) болып табылады.

23. I "Күнтізбелік жылдың 1 қаңтарға және 1 шілдеге кенттің, ауылдың, ауылдық округ аумағының шегінде және шегінен тыс жалға берілген (алынған) жеке меншіктегі жерлер" бөлімінде жер алаңы 0,1 гектарға дейінгі дәлдікпен гектармен көрсетіледі. I бөлімнің А кіші бөлімінде иелік етуге немесе уақытша пайдалануға алынған жалпы жер алаңы көрсетіледі. Ақпарат ШФҚ тіркеу кезінде алынған жерді пайдалану құқығына арналған актінің негізінде толтырылады.

"Жалға берілген жерлер" және "Жалға алынған жерлер" деген жолдар, егер жер 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының "Жер кодексінің" 35-бабының 2-тармағына сәйкес ұзақ мерзімді жалға алынған болса, бұл жолдарда осы жер бойынша ақпарат ескерілмейді.

I бөлімнің Б кіші бөлімінде ағымдағы жылғы астыққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарының егістері (барлық егістік алаңы) туралы деректер ШФҚ-ның басшысынан немесе оның мүшелерінен сұрау жүргізу арқылы толтырылады.

Қатараралық бақтардағы егістер тиісті дақылдың егістік алаңының қорытындысына және барлық егістік алаңының қорытындысына енгізіледі. Отамалы дақылдардың қатараралықтарында жүргізілген егістері, сондай-ақ қайталанған (аңыздық) егістер егістік алаңына кірмейді. Егістік алаңында баулар, жидектіктер, жасыл көгалдар, жолдар және ауыл шаруашылығы дақылдары егілмеген басқа алаңдар есепке алынбайды.

"Дәнді (күрішті қоспағанда) және бұршақты дақылдар" жолы бойынша дән түрінде пайдалануға арналған сақталып қалған күздік (бидай, қара бидай, арпа, тритикале) және есепті жылы егілген астық түрінде қолдануға арналған жаздық дәнді және дәнді бұршақты дақылдар (бидай, арпа, қара бидай, сұлы, тритикале, масақтылар қоспасы, жүгері (маис), тары, қарақұмық, күріш, қонақ жүгері және басқалар, дәнді бұршақтылар) егісі енгізіледі. Басқа мақсаттарға (көк азыққа, сүрлемге, пішенге) арналған дәнді дақылдар бұл жолға енгізілмейді.

"Дәнді (күрішті қоспағанда) және бұршақты дақылдар" деген жолдан есепті жылы егілген сақталған күздік дәнді дақылдардың және түрлері бойынша жаздық дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар егістіктер белгіленеді (бидай, жүгері (маис), арпа, қара бидай, сұлы, қонақ жүгері, тары, қарақұмық, тритикале (бидай-қара бидай буданы), масақтылар қоспасы, жасыл ірі бұршақ көкөністер (жаңа піскен (одан үрмебұршақты, асбұршақты бөліп шығару), кептірілген бұршақты көкөністер (одан үрмебұршақты, ноқатты, жасымақты, асбұршақты бөліп шығару).

"Жүгері (маис)" деген жолда сүрлем мен жасыл азыққа пайдаланылатын сүтті-балауыз және балауызданып піскендерді алып тастағанда, толық піскен жүгерінің дәні көрсетіледі. Бұл дақылдар азық дақылдары бойынша көрсетіледі.

"Майлы дақылдар" жолы бойынша майлы дақылдарға арналған егістердің жалпы алаңы көрсетіледі.

"Майлы дақылдар" жолынан шашақты зығырдың, қышаның, күздік және жаздық рапстың, күздік және жаздық қышабастың, күнбағыстың, мақсары, соя бұршақтарының, жер жаңғағының тұқымдары және басқа да тұқымдарға арналған егіс алаңдары көрсетіледі.

Күнбағыстың сүрлемге арналған егістері кірмейді және жемдік дақылдар бойынша көрсетіледі.

"Ақталмаған күріш" деген жолда күріш егістігіне арналған жер алаңы көрсетіледі.

"Көкөністер және бақша дақылдары, тамыр жемістілер және түйнек жемістілер" деген жолда көкөністер және бақша дақылдары, тамыр жемістілер және түйнек жемістілерге арналған жалпы егіс алаңдары көрсетіледі.

"Көкөністер және бақша дақылдары, тамыр жемістілер және түйнек жемістілер" деген жолынан қырыққабат, бұрыш, қияр, баялды, қызанақ, асқабақ, кәді, асханалық сәбіз, сарымсақ, басты пияз, шомыр, шалғам, асханалық қызылша, бақша дақылдары, картоп, қант қызылшасы, саңырауқұлақ және өзге де көкөністерге арналған егіс алаңдары көрсетіледі.

"Темекі" деген жолда темекі егісінің алаңы көрсетіледі.

"Тұқымнан тазаланған немесе тазаланбаған мақта" деген жолда көлеңкелеу үшін жағалай отырғызылған тұт ағашының жолақтары, жеке тұрған ағаштардың көлеңкелік алаңын қоса алғанда мақта егісінің барлық нақты алаңы көрсетіледі.

"Азықтық дақылдар" деген жолда барлық азықтық дақылдардың егістері көрсетіледі.

"Азықтық дақылдар" деген жолдан азықтық тамыржемісті, азықтық бақша (азықтық асқабақ, азықтық қарбыз және азықтық кәділер), азықтық дәнді (одан судан шөбін бөліп шығару) және дәнді бұршақты, сүрлемге арналған азық (жүгерісіз), азықтық жүгері, пішендіктер (бір жылдық және көп жылдық шөптерді бөліп шығару) және басқа да дақылдардың егістері көрсетіледі.

"Гүлдер" деген жолда ашық жерде өсірілетін гүл егістері алаңдары бойынша деректер көрсетіледі.

II бөлімнің В кіші бөлімінде көпжылдық дақылдар: жүзімдіктер, алма, алмұрт, өрік, шие, шабдалы, қара өрік (одан шомыртты бөліп шығару), жеміс және жидектер (соның ішінде таңқурай, қой бүлдірген (құлпынай), қарақат және басқалары) жаңғақтар және басқа да көпжылдық дақылдар егістерінің алаңдары бойынша деректер толтырылады.

ШФҚ бойынша егістік алаңдары туралы деректер үй жанындағы телімді есепке алмағандағы жерді қамтиды.

24. "Шаруашылықтың жеке меншігі болып табылатын мал (басы)" II бөлімінде мал басы, құстар және өзге де ауылшаруашылығы жануарлары туралы деректер көрсетіледі.

ШФҚ аралау, ШФҚ басшысына сауал салуды жүргізу және малдарды тірі күйінде қайта есептеу, мал фермада (үй ауласында) болған кезінде жүргізіледі. Егер нақты есептеуді жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда мал басы туралы деректер ауыл шаруашылығы малдары басының нақты саны туралы осы ШФҚ иесіне сауал салуды жүргізу арқылы жазылады. Малды есепке алу күнтізбелік жылдың 1 қаңтарындағы және 1 шілдесіндегі жағдай бойынша жүргізіледі.

ШФҚ бойынша малдың жалпы санына сол немесе басқа шаруашылықтың қызметкерінің жеке меншігіне жататын үй шаруашылықтары бойынша нақтыланған мал басы кірмейді.

Мұндай мал болған жағдайда ШФҚ басшысы жергілікті атқарушы органның маманына отарында малы бар азаматтардың тізімін беру керек. Бұл мал үй шаруашылықтары бойынша халықтың малы ретінде жазылады.

Әр ШФҚ бойынша малдардың жайылымда және өрісте не болмаса басқа шаруашылықтың қарауында жүргеніне қарамастан, ШФҚ иелігіндегі барлық мал көрсетіледі.

Егер ШФҚ малды үй шаруашылықтарында өсіруге (бордақылауға) беретіндігі анықталған болса, онда мұндай санының үй шаруашылықтары бойынша есепке кірмегенін анықтау қажет.

Осындай фактілер анықталған жағдайда жергілікті атқарушы органның малдың есебін жүргізуші маманы үй шаруашылықтарын тіркеу жазбаларына өзгерістер енгізеді, яғни бұл малды үй шаруашылықтарынан алып тастайды.

Бұл жағдайда тағы да бір рет сол мал санының ШФҚ бойынша енгізілгенін тексеру керек.

Егер ШФҚ-да шарт бойынша бордақылауға қойылған мал болса мұндай малдың саны туралы мәлімет тіркеу жазбаларында жазылмайды.

25. III "Күнтізбелік жылдың 1 қаңтарына ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға және мал ұстауға арналған құрылыстар, басқа да құрылыстар" бөлімінде жарықтандыруы, арнайы жабдығы, температуралық режимді ұстап тұратын желдеткіші бар жерасты және жерүсті күрделі құрылыстары және имараттары бойынша ақпарат көрсетіледі.

Құрылыстар бойынша көрсеткіштер НҚЖ негізінде, осы Әдіснамаға 7-қосымшаға сәйкес енгізіледі.

"Ауыл шаруашылығы өнімдерін ұстауға арналған құрылыстар" - құрылыстың түрі, әрбір құрылыстың түрі бойынша олардың саны және сыйымдылығы көрсетіледі.

1	Үй шаруашылығы мүшесінің реттік нөмірі / Порядковый номер члена домашнего хозяйства	01	02	03	04	05
2	ЖСН / ИИН					
3	Тегі/ Фамилия					
4	Аты/ Имя					
5	Әкесінің аты/ Отчество					
6	Жынысы (ер - 1, әйел - 2)/ Пол (муж.- 1, жен.- 2)					
